

**НҰР-МҰБАРАК ЕГИПЕТ ИСЛАМ МӘДЕНИЕТІ УНИВЕРСИТЕТІ
АРАБ ФИЛОЛОГИЯСЫ ЖӘНЕ ГУМАНИТАРЛЫҚ ПӘНДЕР ФАКУЛЬТЕТІ
АРАБ ЖӘНЕ АҒЫЛШЫН ТІЛДЕР КАФЕДРАСЫ**

БЕКІТЕМІН

Ректор Мұхаммед аш-Шаххат

Әл-Жинди _____

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

Білім беру саласының коды және классификациясы: 6B01 Педагогикалық ғылымдар

Дайындау бағытының коды және классификациясы: 6B017 Тілдер және әдебиет бойынша мұғалімдерді даярлау

Бағдарлама атауы: 6B01701-Шетел тілі: екі шетел тілі

Бағдарлама деңгейі: бакалавриат 6 деңгей ҰБШ (Ұлттық біліктілік шеңбері)/СБШ (Салалалық біліктілік шеңбері)/ББХСЖ (Білім берудің халықаралық стандарттық жіктелімі)

Берілетін дәреже: «6B01701» Білім беру бағдарламасы бойынша педагогикалық ғылымдар бакалавры

Кредиттердің жалпы көлемі: 240 академиялық сағат / 240 ECTS

Оқу меррзімі: 4 жыл

АЛМАТЫ, 2021

Білім беру бағдарламасын дайындау және сараптау бойынша жұмыс тобы

Құрастырушылар:

Аты-жөні	Қызметі	Қолы
Манабаев Б.М.	Кафедра меңгерушісі	
Бактиярова Ш.Т.	магистр, аға оқытушы	
Жаксанов Ж.Ж.	Білім алушы	
Амиров А.М.	Үшқоңыр медресе-колледжінің директоры (Жұмыс беруші өкілі)	
Тұрсынғазыева Ф.Б.	Түлек өкілі	

Сарапшылар:

Аты-жөні	Қызметі	Қолы
Сандыбаев Ж.С.	Академиялық мәселелер департаментінің директоры	
Әділбаева Ш.А.	Сапа менеджменті бөлімінің меңгерушісі	
Махмет М.	Оқу-әдістемелік басқарма басшысы	
Жолмағанбетова М.А.	Оқу әдістемелік төрайымы	
Ержан Қ.С.	Декан орынбасары	

Білім беру бағдарламасы Араб және ағылшын тілдер кафедрасында дайындалып, кафедра мәжілісінде талқыланды. Хаттама №8 «26» ____ 03 ____ 2021ж

Кафедра меңгерушісі Б.М. Манабаев _____

Араб филологиясы және гуманитарлық пәндер факультеті кеңесінде талқыланып, мақұлданды. Хаттама № 7 «29» __ 03 __ 2021ж.

Факультет деканы Мухаммад Салахутдин Ахмед Сәлем _____

Университеттің оқу-әдістемелік кеңесінде келісілді.

Хаттама №_5_ «_9_» __04__ 2021 ж.

ОӘК төрайымы М. А. Жолмағанбетова _____

Университеттің Ғылыми кеңесі мәжілісінде бекітілді.

Хаттама №8 «_12_» _04_ 2021 ж.

ШЕТЕЛ ТІЛІ: ЕКІ ШЕТЕЛ ТІЛІ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ**Білім беру бағдарламасының ерекшеліктері**

«6BO1701-Шетел тілі: екі шетел тілі» мамандығы бойынша бакалаврларды дайындау бағдарламасы әлемдегі заманауи білімге ие, заманауи түрлі дереккөздерді еркін

пайдаланып, жүйелей алатын, мемлекеттік, әлемдік жағдаяттардан хабардар, соларға қатысты пікірталастарға қатысып, өз ойын еркін жеткізе алатын, кәсіби құзыреттілігі қалыптасқан педагогикалық мамандарды дайындауға бағытталған. Бұл білім беру бағдарламасы білім алушының жан-жақты дамуын, білікті маманға, құзыретті тұлғаға айналуын мақсат ретінде көре отырып, педагогикалық зерттеулерді жүргізе алатын маңыздылығы ерекше тіл біліміне, зерттеу әдістеріне, тәжірибе жинақтауға баса назар аударады. Білімгердің толыққанды тұлға ретінде қалыптасу үшін маңызды болған түрлі білім салаларын қамтып, хабарлар болуына және оны іс-жүзінде қолдана білуіне ықпал етеді.

1. БАҒДАРЛАМА НЕГІЗДЕМЕСІ

«Шетел тілі: екі шетел тілі» білім беру бағдарламасын игеріп, бакалавр дәрежесін алған білім алушы жалпы білім беру мамандандырылған мектептерде, колледждерде, гимназияларда, училищелерде, білім беру орындарында, ғылыми-зерттеу ұйымдары, әлеуметтік-гуманитарлық бейіндегі, мемлекеттік және жеке мекемелер, арнайы шетел тілдері курстарында және т.б. кез келген салада қызмет атқара алатын құзыретті маман болып шығады. Халықаралық қатынастар саласындағы болашақ мамандар үшін тілдік құзыреттілікті қалыптастыруға ықпал ететін үштілді оқытуды оқу үрдісінде қолдана алатын білікті мамандарға сұраныс жоғары болып отыр. Заманауи білім беру технологияларын жаңғырту талаптарын қанағаттандыратын әдістемелік тәсілдерді, оқыту әдістерін түсіндіретін қазіргі заманғы білім беру технологияларын оқытуда қолдана алатын жан-жақты білімді маман болуы керек. Бұл білім беру бағдарламасын меңгеріп шыққан білім алушы, қазіргі кезеңдегі жұмыс берушілердің басты талаптарына жауап бере алатын білікті маман атанады. Сондықтан түлектердің жұмыспен қамтамасыз етілуі қоғам талабына, еңбек нарығының сұранысына сай өте жоғары көрсеткіштерге жетуде. Білім бакалавры жалпы және орта білімнен кейінгі кәсіптік білім беру саласында шетел тілін оқыту саласында кәсіби қызметін жүзеге асырады, оның шеңберінде жеке тұлғаның дамуы шетел тілі арқылы қамтамасыз етіледі.

2. БАҒДАРЛАМА МАҚСАТЫ

Шетел тілдерінің, педагогика мен заманауи әдістеменің, оқыту технологиясының теориялық және практикалық білімдері мен дағдыларын меңгерген білікті кадрларды, сондай-ақ, білім беру саласында жоғары әлеуметтік және азаматтық жауапкершілігі бар мамандарды даярлау.

Негізгі құзыреттіліктер (НҚ):

Бағдарлама бойынша бітіруші түлектер мынандай негізгі құзыреттіліктерді меңгеріп шығады:

1. С1 деңгейінде әр түрлі коммуникативтік жағдайларда сөйлеу әрекеттерінің барлық түрлерінде (жазу, оқу, тыңдау, сөйлеу) араб және ағылшын тілдерін (ағылшын және араб) еркін меңгеру.
2. Синхронды-диахроникалық, тілдік-мәдени және методологиялық аспектілерде араб және ағылшын (ағылшын және араб) тілдерін білу; филология ғылымдарының теориялық негіздерін білу.
3. Дәстүрлі және инновациялық әдістер мен технологияларды қолдана отырып әртүрлі стильдер мен жанрлар мәтіндерінде филологиялық талдау жүргізу; лингвистикалық сараптама, мәтінді редакциялау және т.б.
4. Тілдерді оқыту мен ғылыми-зерттеу қызметіндегі тәжірибеде дәстүрлі және инновациялық әдістерді қолдану;

5. Ғаламдық мултимәдени әлемде өмір сүруге қабілетті әмбебап құндылықтарға бағдарланған тұлғаны тәрбиелеу; студенттердің рухани, моральдық құндылықтары мен патриоттық сенімдерін қалыптастыру.

6. Топпен жұмыс істеу мүмкіндігі; кәсіби қызметпен байланысты мәселелерді шешу үшін шығармашылық ойлауға және жаңа идеяларды ұсынуға; қақтығыстың жағдайын бейбіт жолмен алдын-алу және шешу жолдарын білу;

7. Заманауи ақпараттық технологияларды меңгеру және оларды кәсіби қызметінде қолдану.

Оқыту нәтижелері (ОН)

Аталмыш бағдарлама түлектері келесідей нәтижелерге қол жеткізе алады:

1. Шет тілінің нормативтік айтылуын меңгеру; шетел тілінде әртүрлі коммуникативті мақсаттарды білдіру және анықтау; шетел тіліндегі әртүрлі байланыс регистрлерін білу; кәсіби қарым-қатынас құралы ретінде шетел тілін білу; ауызша және жазбаша коммуникацияны анық, дәлелді және қисынды дұрыс құру; шетел тілінің нормалары мен қолданылуын сақтау; шетел тіліндегі ақпаратты жинақтау, сыни талдау, қорытындылау және синтездеу; күнделікті және кәсіби қарым-қатынас аясында ауызша мәлімдемелер құру.

2. Дінтану, теология, исламтану саласында теориялық маңызы бар мәселелерді қалыптастыру, дін мен діни теория туралы білімді талдау және жүйелеу. Қасиетті Құран Кәрімді оқу дағдысын дамыту, тәжүид ережелерін меңгеріп, кейбір сүрелерді жаттау.

3. Білім беру, тәрбиелеу, шетел тілін оқыту әдістерін меңгеру, кәсіби қызметте қолдануға дайын болу. Мультимедиялық оқыту құралдарын жасай білу, интерактивті оқыту әдістерін шетел тілі сабақтарында қолдана алу. Арнайы бағдарламалар мен ақпараттық интернет технологияларын қашықтықтан оқыту барысында қолдану. Алған білімді заманауи бағытқа ыңғайлай білу. Шетел тілін оқытудың басты қағидаларын меңгереді.

4. Білім беру саласы, оқу процестері және мұғалім кәсібі туралы білімге ие болу; ғылыми, педагогикалық және лингвистикалық зерттеу әдістерін қолдану; әр түрлі функционалды стильдерді тану; көркем мәтінге стилистикалық талдау жүргізу; ауызша және жазбаша сөйлеуде заманауи фразеологиялық қорды қолдану; шетел тілін дамыту тенденциясы туралы білімді; фонетикалық, грамматикалық, лексикалық және стилистикалық деңгейлерде шет тілінің құрылымын білу; ҚР және шет тілді елдердегі тіл саясатының ерекшеліктерін білу; мұғалім кәсібінің әлеуметтік маңыздылығын білу.

5. Аударма ісі бойынша теория және практиканы ұштастыра отырып, ауызша және жазбаша аударма біліктілігін қалыптастырады. Аударма салаларында әртүрлі мәтіндерді аудару кезінде грамматикалық және морфологиялық ережелерді қолдану.

6. Лингвистикалық терминологияларды үйренеді, тілдік құбылыстарды анықтай алады. Өз бетімен тіл білімі саласында әдебиеттерді оқып, саралай алады.

7. Ғылым дамуының негізгі кезеңдерін білу; жалпы ғылыми және арнайы зерттеу әдістерін қолдану; ғылыми зерттеулердің нәтижелерін педагогикалық қызметке енгізу. Ақпаратты зерттеу және тарату барысында ақпараттық және коммуникациялық технологияларды қолдану. Қазіргі заманғы әдебиетті, әдебиет саласындағы шешендік өнермен танысады. Әдеби құбылыстарды алған теориялық біліміне сай саралай алады; шетел әдебиеті дамуының негізгі кезеңдерін және қазіргі әдеби процестердің заңдылықтарын білу; шетелдік және қазіргі заманғы туындылардың тақырыптары мен көркемдігін, өнер туындыларының тәрбиелік бағытын тану; мәдениетаралық қарым-қатынас негіздері туралы білімдерін шет тілінің өкілдерімен қарым-қатынаста қолдану; шет тілі мәдениетіндегі тілдік және мәдени тосқауылдарды жену; өлкетанудың негізгі

ережелерін және аймақтық ақпарат көздерін пайдалану; тілаларлық және мәдениаралық айырмашылықтарды бағдарлау.

8. Сөйлеу мәдениеті, көпшілік алдында сөйлеу, ауызша және жазбаша сөйлесу, академиялық жазу негіздерін меңгеру; ауызша және жазбаша мамандандырылған сөйлеуді сауатты және стилистикалық деңгейде ұйымдастыру; хабарламалар, баяндамалар жасау, пікірталас жүргізу; тұлғааралық және топтық коммуникацияларды жүзеге асыру; шетелдік қызмет көздерінен кәсіби қызмет саласындағы ақпаратты алу және сыни тұрғыдан бағалау; академиялық және кәсіби ортадағы қарым-қатынас жағдайындағы коммуникация мәселелерін дұрыс шешу; іскерлік және мамандандырылған терминологияны қолдану; өздігінен білім алуда және өздігінен оқуда ақпарат көздерін кәсіби түрде пайдалану.

9. Сыни тұрғыда ойлауға негізделе отырып, баламалы шешім қабылдай алады. Елестетуді, ойлау және іс-әрекеттің жаңа немесе түрлендірілген тәсілдерін енгізе алады.

10. Түрлі тұлғаралық, мәдениетаралық, және кәсіби қатысым мәселелерін шешу мақсатында қазақша, орысша және шетел тілінде байланыс жасау.

11. Экологиялық білімді және қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыру.

12. IELTS халықаралық емтиханынан өту дағдыларын, технологиялары мен әдіс-тәсілдерін меңгереді.

3. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ МАЗМҰНЫ

3.1 Модульдер сипаттамасы

Модуль атауы	Модульдың құрамдас бөліктерінің атауы	Қалыптастырылатын құзіреттіліктер	Оқыту әдістері
Жалпы білім беретін пәндер модулі	Қазақстанның қазіргі заман тарихы	Тәуелсіз Қазақстан мемлекетінің қалыптасу кезеңдерінің тарихи сабақтастығы жөніндегі білімін көрсетеді. Қазақстанның қазіргі заман тарихы оқиғаларының барысы мен салдарын тарихи сипаттау мен талдау тәсілдерін меңгереді.	Оқыту барысында білімгерді оқытудың орталық объектісі ретінде қарастыратын оқыту әдісі, ол білімгерлердің де оқыту үрдісіне рефлексивті көзқарасына негізделген, біліктілікке бағытталған оқыту; әртүрлі форматтағы рөлдік ойындар және оқу пікірталастары; кейс-стади; жобалар әдісі қолданылады.

	Шетел тілі	Ғылыми әдебиеттерді талдауға шығармашылық тұрғыдан келуге, тілдік материалдарды пайдалануға қабілетті болады. Маман ретінде адам өміріне қатысты әмбебаптық сипаттағы қарым-қатынаста сөйлемдерді дұрыс қолдана біледі; сауатты, мәдениетті сөйлей алатындай дәрежеге жетеді; сөйлеу дағдысын одан әрі жетілдіріп, кез келген жағдаятта пікірін, ойын еркін жеткізе алады.	Грамматикалық аударма; Тікелей-қатынас әдісі; Коммуникативтік; Жобалау, Интерактивті; Шығармашылық; Проблемалық әдіс-тәсілдер арқылы оқыту жүргізіледі.
	Қазақ (орыс) тілі	Лексиканы, грамматикалық білім жүйесін, интенцияны (ниеттерін) білдірудің прагматикалық құрамын жеткілікті көлемде білу негізінде тілдік және сөйлеу құралдарын дұрыс таңдауға және пайдалануға қабілетті болады. Пікірталастарда этикалық, мәдени, әлеуметтік маңызы бар мәселелерді талқылауды; өз көзқарасын білдіруді; оны дәлелді түрде қорғауды; әңгімелесушілердің пікірін сыни бағалауды игереді.	Білім алушы тарапынан рефлексивті тәсілге негізделген білімгерге орталықтандырылған білім беру; құзыреттілікке бағытталған оқыту; тілдерді меңгерудің коммуникативтік-әрекеттік тәсілі; мәтіннің мазмұнын когнитивті модельдеу негізінде оның мағынасын түсіну және түсіндіру әдістері пайдаланылады.
	Дене шынықтыру	Салауатты өмір салтын, белсенді демалыс пен бос уақытты ұйымдастыру үшін дене шынықтыру қызметінің әртүрлі формалары мен түрлерін қолдану шеберлігін меңгереді. Кәсіби дене шынықтыру дағдыларын еңбек және өмірлік жағдаяттарда өз бетінше пайдалана алуға даяр болады.	Мәселелік-модульдік оқыту технологиялары; білімгерлер рөлдік, имитациялық және басқа да ойындарға қатысатын ойын технологиялары қоладнылады

	Философия	Пәнді игеру барысында ізденуші өзін қоршаған ортаға деген көзқарастарының, идеяларының, теорияларының жиынтығы ретінде адамның орнын ұғынады. Философия адамзат болмысының маңызды бөлігі ретінде білім алушының жоғары деңгейде ой тұжырымдарын жаңартады.	Пәнді жүргізу кезінде, оқу барысында, оны жүргізудің белсенді және интерактивті формалары қолданады және де білім алушылардың пәнді игеруі мақсатында оқудан тыс жұмыстар жүргізіледі.
	Ақпараттық коммуникациялық технологиялар	Ақпараттық-коммуникациялық технологияның даму тенденциялары мен мазмұнын, тағайындалуын түсіндіре алады; нақты мәселелерді шешу үшін айрықша тиімді технологияны таңдауды негіздей алады. Ақпараттық және коммуникациялық процестерді жүзеге асыру тәсілдерін, ақпараттарды жинау, сақтау және өңдеу әдістерін түсіндіре алады.	Оқытушылар және білімгерлер жағынан оқуға рефлексстік тәсілге негізделген білімгер-орталықтандырылған оқыту; интерактивті дәріс (мәселелік дәріс, пікірталастық дәріс, дәріс-конференция, дәріс-кеңес) секілді әдістер қолданылады.
Әлеуметтік-саясаттану білім модулі	Әлеуметтану	Әлеуметтанудың даму тарихы мен кезеңдерін және негізгі функцияларын меңгереді; базалық, теориялық білімін, практикалық әдет-дағдыларын ғылыми зерттеулерде, аналитикалық іс-қызметінде қолдана білу қабілеті қалыптасады.	Пәнді жүргізу кезінде, оқу барысында, оны жүргізудің белсенді және интерактивті формалары (интервью, дискуссия, сұрақ-жауап, кейстер) қолданылады. Соның нәтижесінде білімгерлердің сыни ойлау қабілеті мен шартты қабілеттері қалыптасады, өздерінің іс-әрекеттері мен идеяларына талдау жасап, бағалай алады, ақпараттарды жинақтап жан-жақты талдау жасай алады.
	Саясаттану	Саясаттанудың ғылым ретіндегі негізгі теориялық қағидаларын меңгеріп шығады. Қоғамға бейімделудің жолдарын біледі.	
	Мәдениеттану	Мәдениеттанулық зерттеулердің негізгі әдістерін игереді. Гуманитарлық пәндер жүйесіндегі мәдениеттанудың орнын, оның объектісі мен неғұрлым өзекті мәселелерді айқындайды.	
	Психология	Адам санасының пайда болуы және дамуының теориялық негізін меңгереді. Адами тұлғаның психологиялық ерекшеліктерін айқындай алады.	

Қоршаған орта (ЖОО компоненті)	Экология және өмір қауіпсіздігі	Білім алушы пәнді игеру нәтижесінде адам өміріндегі қауіп-қатерден сақтану жолдарын игереді. Табиғи және техногенді аппараттардан қорғанудың негізгі тәсілдерін біледі; қазіргі заманғы зақымдану құралдары мен олардың зардаптарын жою шараларын ұйымдастыра алады, сондай-ақ тіршілік қауіпсіздігінің шарттарын бағалауды меңгереді.	Білім алушыны оқытудың негізгі әдістері пән бойынша білікті болуға негізделген. Білімгерді жеке тұлға етіп қалыптастыру, сыни тұрғыдан дамыту, ынтымақтастық оқыту технологиясы пайдаланылады.
Тілдік және практикалық базаны қалыптастыру	Оқытылатын шетел тілінің фонетикасы	Шетел тілінде мәдениетаралық және кәсіби-коммуникативтік біліктіліктерін қалыптастырады, ағылшын тілі фонетикасының ережелерін білу, фонетикадағы дыбыстық өзгерістің негізгі үрдістерін, шетел тіліндегі теориялық білімдерін практикада қолдана алады. Оқытылатын шетел тілінің фонетикалық құбылыстарын, дыбыстардың айтылуын сөйлеу әрекетінде қолдана біледі. Сөйлемнің фонетикалық тұрғыдан дұрыстығы, дыбыстық белгілерді дұрыс қолдану, дыбыстық ережелердің сақталу түрлерін меңгереді.	Білім алушыларға ағылшын тіліндегі дыбыстық ерекшеліктерді теориялық жағынан түсіндіріп, ақпараттық, коммуникативтік әдістер қолданылады. Аудио материалдар арқылы топпен, жұппен, жеке студентпен жұмыс жасалады.
	Араб тілі (A1)	Білім алушы келесі нәтижелерге ие болады: мәдениетаралық және кәсіби; коммуникативтік біліктіліктерін қалыптастырады. Араб тілінде теориялық білімдерін практикада қолдана алады; шетел тілінің грамматикалық, лексикалық ерекшеліктерін, тілдік заңдылықтарын коммуникативтік әрекетінде қолдана біледі. Қазіргі таңдағы араб тілінің заманауи мәселелері мен өзектілігі аясында кәсіби қарым-қатынас дағдыларын меңгереді.	Оқыту барысында тілді меңгертудің тікелей грамматикалық жаттығу жұмыстары және әртүрлі форматтағы рөлдік ойындар және пікірталастар; кейс стади; Блум таксономиясы жобасы қолданылады.

Дінтану, Исламтану негіздері	Араб тілі (A2)	Білім алушы келесі нәтижелерге ие болады: мәдениетаралық және кәсіби; коммуникативтік біліктіліктерін қалыптастырады. Араб тілінде теориялық білімдерін практикада қолдана алады; шетел тілінің грамматикалық, лексикалық ерекшеліктерін, тілдік заңдылықтарын коммуникативтік әрекетінде қолдана біледі. Қазіргі таңдағы араб тілінің заманауи мәселелері мен өзектілігі аясында кәсіби қарым-қатынас дағдыларын меңгереді.	Оқыту барысында тілді меңгертудің тікелей грамматикалық жаттығу жұмыстары және әртүрлі форматтағы рөлдік ойындар және пікірталастар; кейс стади; Блум таксономиясы жобасы қолданылады.
	Оқу-танысу практикасы	Оқу тәжірибесінен өткен білімгер оқу үдерісінде меңгерілуі тиіс материалдар қорының іс жүзіндегі қолданысын көріп, игеріп шығады. Бекітілген практика базаларында оқу жұмыстарымен айналысып, тәжірибе жинақтайды.	Білім алушыларды оқу үдерісін барынша тиімді ұйымдастырып, бөлінген уақытты орынды пайдалануға бағыттайтын тұлғалық, коммуникативтік әдістер қолданылады.
	Дінтану	Болашақ шетел тілінің маманы ретінде дінтанудың маңыздылығын, қоғамда, тарихта алатын орнын, қолданатын әдістерін, тарихы мен салаларын игеріп шығады. Діннің теориялық мазмұнын менгеру, діннің тарихи түрлерін білу, дәстүрлі діндерден саяси және экстремистік діндерді айыра білуді меңгереді.	Білім алушыға ой еркіндігін, пікір айту мүмкіндігін беретін ашық талқылау сабақтары жүргізіліп, білім алушының пәнді қабылдауына, жетілдіріп оқуына бағытталған интербелсенді сабақтар ұйымдастырылады.
	Құран Кәрім	Құран Кәрімді оқу барысында фонетикалық қателіктерден арылу, танымал қырағаттардың өзара айырмашылықтарын ажырата білу.	Аудио-видео материалдары, топпен жұмыс жасау, теориялық курсты оқытуда синхронды әдістері негізге алынады.

	Ислам теологиясы	Ислам сенім негіздері, ислам теологиясына қатысты негізгі мәселелер мен олардың қазақ мәдениеті мен дәстүрлеріндегі көрінісі мен сабақтастығын біледі.	Салыстырмалы-тарихи әдіс, салғастырмалы әдіс, проблемалық оқыту әдісі, сыни тұрғыдан ойлауды дамыту әдіс-тәсілдері қолданылады.
Педагогика және базалық шетел тілі	Базалық шетел тілінің практикалық курсы (B1-бастапқы деңгей)	Білім алушы келесі нәтижелерге ие болады: мәдениетаралық және кәсіби; коммуникативтік біліктіліктерін қалыптастырады. Шетел тілінде теориялық білімдерін практикада қолдана алады; шетел тілінің грамматикалық, лексикалық ерекшеліктерін, тілдік заңдылықтарын коммуникативтік әрекетінде қолдана біледі. Қазіргі таңдағы шетел тілдерінің заманауи мәселелері мен өзектілігі аясында кәсіби қарым-қатынас дағдыларын меңгереді.	Оқыту барысында тілді меңгерудің тікелей грамматикалық жаттығу жұмыстары және әртүрлі форматтағы рөлдік ойындар және пікірталастар; кейс стади; Блум таксономиясы жобасы қолданылады.
	Базалық шетел тілінің практикалық курсы (B1-жалғастырушы деңгей)	Білім алушы келесі нәтижелерге ие болады: мәдениетаралық және кәсіби; коммуникативтік біліктіліктерін қалыптастырады. Шетел тілінде теориялық білімдерін практикада қолдана алады; шетел тілінің грамматикалық, лексикалық ерекшеліктерін, тілдік заңдылықтарын коммуникативтік әрекетінде қолдана біледі. Қазіргі таңдағы шетел тілдерінің заманауи мәселелері мен өзектілігі аясында кәсіби қарым-қатынас дағдыларын меңгереді.	Оқыту барысында тілді меңгерудің тікелей грамматикалық жаттығу жұмыстары және әртүрлі форматтағы рөлдік ойындар және пікірталастар; кейс стади; Блум таксономиясы жобасы қолданылады.

	Педагогика	Педагогикалық білімді теориялық және практикалық құрал деңгейінде кәсіби меңгеріп, білім алушылардың өзінің кәсіби тұлғасын дамыту, дағдылар қорынан тұратын ақпараттық-тұлғалық деңгейді, болашақта кәсіби сұранысты қамтамасыз ету мақсатымен жеке ақпараттық өріс жасай алу білігі; инновациялық педагогикалық технологияларды кәсіби қарым-қатынас пен іс-әрекетте, ғылыми-зерттеуде қолдана алу білігі; педагогикалық білімді теориялық және практикалық тұрғыда меңгеріп, коммуникативтік, әлеуметтік-мәдени, кәсіби бағдарда дұрыс қолдана алу білігі.	Ойын және ақпараттық оқыту технологиялары. Жоба технологиясы. Ұжымдық ойлау және топпен жұмыс технологиялары қолданылады.
	Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі	Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі саласы бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыра білу шеберлігі мен біліктілігі қалыптасады. Педагогикалық білімді теориялық және практикалық құрал деңгейінде кәсіби меңгеріп, білім алушылардың өзінің кәсіби тұлғасын дамыту, өзіндік жұмысын ұйымдастыру білігін игереді; білім алушыларға оқу-тәрбие үдерісінде ,өзін-өзі дамытуда педагогикалық қолдау көрсетуге дайын болуы.	Ойын және ақпараттық оқыту технологиялары. Жоба технологиясы. Ұжымдық ойлау және топпен жұмыс технологиялары қолданылады.
	Педагогикалық практика	Білім алушыларды өндіріс үдерісін барынша тиімді ұйымдастырып, бөлінген уақытты орынды пайдалануға бағыттайтын тұлғалық, коммуникативтік әдістер қолданылады. Практика базаларында өндірістік тәжірибеден өткен білім алушылар оқу үдерісі барысында игерген теориялық білімдерін іс жүзінде қолдануға мүмкіндік алады. Өндірістік қарым-қатынас мәдениетін меңгереді.	Оқу-тәрбие үдерісін іске асыруда, кәсіби қатынас аясында әлеуметтік және педагогикалық байланыс әдістерін меңгеру шеберлігі артады. Жаңа заманауи технологияларды пайдалана отырып, білім беру үдерісін тани білу. шеберлігі артады.

Шетел тілінің ауызша және жазбаша сөйлеу тәжірибесі мен аудармасы, әдебиеті, практикалық грамматикасы	Оқытылатын шетел тілі халықтарының әдебиеті/ Ауызша, жазбаша аударма практикасы	Аудармада ғылыми стильдің ерекшеліктері мен оларды аудару және қарым қатынас саласында жүзеге асыру тәсілдерін, академиялық қарым қатынас мәдениетінің ерекшеліктерін үйренеді.	Тілді меңгертудің грамматикалық аударма әдістері қолданылып, сөздік қорды толықтыруға арналған тиімді жаттығулар жиынтығы пайдаланылады.
	Екінші шетел тілінің практикалық курсы (B1-бастапқы деңгей)/Мамандан дырылған шетел тілі (B1-бастапқы деңгей)	Екінші шетел тілін тілдік құрылымын пайдалана алуы, яғни сауатты және дұрыс сөйлеу қызметіне, лексикалық, грамматикалық, фонетикалық материалдарды қолдана білуі. Мамандандырылған шетел тілі елінің әлеуметтік-мәдени ерекшеліктеріне сәйкес; дискурстың әр алуан түрлерін және сөйлеу стратегияларын қолданады.	Пәнді жүргізу барысында мәтінмен жұмыс түрлері жүргізіліп, жұмысты саралау, талдау әдіс-амалдары, салыстырмалы-тарихи талдау әдісі қолданылады.
	Екінші шетел тілінің практикалық курсы (B1-жалғастырушы деңгей)/Мамандан дырылған шетел тілі (B1-жалғастырушы деңгей)	Екінші шетел тілін тілдік құрылымын пайдалана алуы, яғни сауатты және дұрыс сөйлеу қызметіне, лексикалық, грамматикалық, фонетикалық материалдарды қолдана білуі. Мамандандырылған шетел тілі елінің әлеуметтік-мәдени ерекшеліктеріне сәйкес; дискурстың әр алуан түрлерін және сөйлеу стратегияларын қолданады.	Пәнді жүргізу барысында мәтінмен жұмыс түрлері жүргізіліп, жұмысты саралау, талдау әдіс-амалдары, салыстырмалы-тарихи талдау әдісі қолданылады.

	Аударма ісіне кіріспе/ Оқытылатын шетел тілінің практикалық грамматикасы	Оқытылатын шетел тілдер халықтарының әдебиеті пәнінің мақсат-міндеттерін түсініп, тілді қарым-қатынас орнатудың негізгі құралы екенін білуде тілдің оқитын шетел тілі халқының ойлауымен, сөйлеуімен, этносымен және мәдениетімен байланысын түсіну. Аударма саласы бойынша негізгі терминдермен таныс болып, бастапқы деңгейде қажетті құзыреттіліктерді қалыптастыру.	Пәнді жүргізу барысында тілді меңгертудің аударма әдістері қолданылып, сөздік қорды толықтыруға арналған тиімді жаттығулар жиынтығы пайдаланылады, мәтінмен жұмыс түрлері жүргізіліп, жұмысты саралау, талдау әдіс-амалдары, салыстырмалы-тарихи талдау әдісі қолданылады. Топтық әдістеме, диалогті оқыту әдістері, сын тұрғысынан ойлау технологиясы қоланылады.
Екінші шетел тілінің синтаксисі мен	Екінші шетел тілінің морфологиясы/ Екінші шетел тілі синтаксисі	Шетел тілінің морфологиясы шетел тілінің практикалық грамматика курсы бойынша негізгі теорияларды игеріп, тәжірибеде қолдана білуге талпыныс жасайды. Әртүрлі аспектісіндегі нақты тілдік материалдарды білу; лингвистикалық, әдістемелік және кәсіби-адаптивті құзіреттіліктерін қалыптастыру; коммуникативтік мәдениетаралық құзіреттілікке ие болу (тыңдап түсіну, сөйлеу, оқу және жазу).	Шет тілін үйрету барысында сапалы білім алып, тиянақты теориялық, іс тәжірибелік, дүниетанымдық, шығармашылық, іс-әрекеттік білім алу мақсатында, коммуникативтік; жобалау, интерактивті әдіс-тәсілдер арқылы оқыту жүргізіледі.

морфологиясы	Екінші шетел тілін арнайы мақсатта оқыту (B2-бастапқы деңгей)/Елтану	Мәдени тиісті ақпаратты таңдау, өзін-өзі қызығушылық немесе күнделікті өмір аясында, сондай-ақ жалпы, кәсіби бағдар, әлеуметтік және қоғамдық өмірдің тақырыптарына қатысты өз пікірін білдіру, сұхбаттасушысын хабарлауға ақпаратты беруге үйренеді. Ұйымдастыру модельдерін, байланыс және топтасқан құрылғыларды бақыланатын пайдалану көрсететін күрделі тақырыптарға нақты, егжей-тегжейлі, сондай-ақ құрылымдық мәтін жасайды. Сөздердің балама мағыналарын ашады, мәтін сөйлемдеріндегі тікелей, ауыспалы және астарлы мағыналарын ашықтап, қолдануға бейімделді.	Сабақта білімгердің кәсіби дағдысын қалыптастыру мақсатында проблемалық, кейс-стади, өзіндік жұмыс, дискуссия сынды белсенді әдістер қолданылады. Екі тілдегі мақал-мәтелдер, ғибратты сөйлемдер мен сөз тіркестеріне әдет-ғұрыппен жалпы мәдениет аралық ұқсастықтарына талдау жасайды.
	Екінші шетел тілін арнайы мақсатта оқыту (B2-жалғастырушы деңгей)/Екінші шетел тілінің риторикасы	Мәдени тиісті ақпаратты таңдау, өзін-өзі қызығушылық немесе күнделікті өмір аясында, сондай-ақ жалпы, кәсіби бағдар, әлеуметтік және қоғамдық өмірдің тақырыптарына қатысты өз пікірін білдіру, сұхбаттасушысын хабарлауға ақпаратты беруге үйренеді. Ұйымдастыру модельдерін, байланыс және топтасқан құрылғыларды бақыланатын пайдалану көрсететін күрделі тақырыптарға нақты, егжей-тегжейлі, сондай-ақ құрылымдық мәтін жасайды. Сөздердің балама мағыналарын ашады, мәтін сөйлемдеріндегі тікелей, ауыспалы және астарлы мағыналарын ашықтап, қолдануға бейімделді.	Сабақта білімгердің кәсіби дағдысын қалыптастыру мақсатында проблемалық, кейс-стади, өзіндік жұмыс, дискуссия сынды белсенді әдістер қолданылады. Екі тілдегі мақал-мәтелдер, ғибратты сөйлемдер мен сөз тіркестеріне әдет-ғұрыппен жалпы мәдениет аралық ұқсастықтарына талдау жасайды.

Академиялық және іскерлік тіл	Академиялық мақсаттағы шетел тілі (екінші)/ Екінші шетел тілінің салыстырмалы типологиясы	Тәлімгерлер академиялыққатынастың негізгі ұғымдарын, түрлерін, формаларын мен функцияларын, ақпарат жинау, өңдеу және сақтаудың түрлерін, әдіс-тәсілдерін, академиялық қатынас мәдениеті ерекшеліктерін, оқытылып отырған тілдер мен ҚР сөйлеу этикетінің ұлттық – мәдени спецификасын білуі тиіс.	Пәнді жүргізу кезінде шет тілінде тұрмыстық тақырыпта қарым-қатынас орнату, шет тілінде ақпаратты қабылдай алу, әр түрлі тақырыптар ауқымында еркін сөйлеу дағдысын қалыптастыратын әдістер қолданылады.
	Іскерлік шетел тілі/ Шетел баспасөз мәтіндері	Күнделікті қарым-қатынас жасау және компаниядағы жұмысқа тән бизнес ағылшын тілі аясында белсенді сөздік қорын қолдана біледі. Дәйектерді, фактілерді, оқиғаларды, оқылған және естіген материалдарды жазбаша түрде жеткізу, баяндама жазу, келіссөз, тұсаукесерлерді жүргізу, шетелдік серіктестермен кездесу, ресми жағдайларды телефон арқылы талқылау іскери хат алмасуды үйренеді.	Грамматикалық құбылыстардың білу, зерттеу субъектілерінің ішінде ауызша және жазбаша қарым-қатынас негіздері практикалық шеберлігін қамтамасыз ету дағдысын үйренеді. Сыни тұрғыда ойлау технологиясы қолданылады.
	Салғастырмалы фразеология/Лексикология	Пәнді толық меңгерген білімгер оқу үдерісінде меңгерілуі тиіс тақырыптарды іс-жүзіндегі қолданылысын көріп, игеріп шығады. Сөйлеу дағдысын одан ары жетілдіріп, кез келген жағдаятта жаза да, өз ойын еркін жеткізе алады.	Пәнді жүргізу барысында инновациялық әдіс-тәсілдер негізге алынады.

Лингвистика және шетел тілінде іс- қағаздарды жүргізу	Көркем мәтінді лингвистикалық талдау/Оқытылатын шетел тілінің тарихы	Білуге тиіс сөйлеудің негіздерін,оның түрлерін,сөйлеу этикетінің қағидалар тәсілін білу, өзіндік ерекшеліктерін жан-жақты, Терең қарастыру, студенттерге тілдердің салыстырмалы мәтіндердің тақырыптары, мен мазмұны бойынша ғылыми негізде, жүйелі білім алуына бағыт беріп, туыс емес тілдердің ерекшеліктерінен кең түрде мәлімет алуларына жағдай туғызады. Лингвистика, оның дамуы мен қалыптасуы, тілдің лексикалық, грамматикалық, фонетикалық ерекшеліктерін меңгереді.	Пәнді жүргізу кезінде мәтінмен жұмыс түрлері жүргізіліп, жұмысты саралау, талдау әдіс-амалдары, салыстырмалы-тарихи талдау әдісі қолданылады.
	Шетел тілінде іс-қағаздарды жүргізу /Араб каллиграфиясы мен қолжазбалары	Іскерлік жағдайларда шетел тілін тілдік құрылымын пайдалана алуы,сауатты және дұрыс сөйлеу қызметіне,лексикалық,грамматикалық материалды қолдана білуі. Тілдік материал нормативті дұрыстығы және көп қолданатын фонетикалық, грамматикалық және лексикалық құбылыстарды қосады, оқу және жазу қатынас негізін білу талаптарын үйренеді.	Оқу барысында, белсенді интерактивті әдістер қолданады және диалогті оқыту әдістері, сын тұрғысынан ойлау технологиясы қоланылады.
	Кәсіби бағытталған екінші шетел тілі	Білім жүйесін, интенцияны (ниеттерін) білдірудің прагматикалық құрамын жеткілікті көлемде білу негізінде тілдік және сөйлеу құралдарын дұрыс таңдай және пайдалана алады. Өртүрлі тақырыптар аясында коммуникативтік біліктіліктерін қалыптастырады.	Шет тілін үйрету барысында сапалы білім алып, тиянақты теориялық, іс тәжірибелік, дүниетанымдық, шығармашылық іс-әрекет барысында, сұрақ-жауап, топтық, жұптық жұмыстар жүргізіледі.

Кәсіби бағытталған екінші шетел тілі және тіл білімі	Тіл біліміне кіріспе	Түрлі сипаттағы мәтінге мәтін алдындағы және мәтіннен кейінгі тапсырмаларды құрастыру, оқу мен тыңдап түсінуде тексерудің түрлерін, тесттерді қолдануда және оларды жүргізуде нұсқау құрастыра алады. Диалогтың түрлеріне тапсырмалар құрастыру, коммуникативтік және іскерлік ойындарды қолдану, оқушыларға өз бетінше жұмыс жасау үшін нұсқау беру, өзін-өзі тексеру мен өзіне баға беру, өзін-өзі бағалау, өзін-өзі түзету үшін іскерліктерін меңгереді, кәсіби салада арнайы-кәсіби қатынас және тақырыптық сөйлеуді қалыптастырады.	Білім алушы тарапынан рефлексивті тәсілге негізделген білімгерге орталықтандырылған білім беру; құзыреттілікке бағытталған оқыту; тілдерді меңгерудің коммуникативтік-әрекеттік тәсілі; мәтіннің мазмұнын когнитивті модельдеу негізінде оның мағынасын түсіну және түсіндіру әдістері пайдаланылады.
Шетел тілін оқытудың психологиясы және шетел тілін арнайы мақсатта оқыту	Шетел тілін оқытудың психологиясы (ағылшын тілінде)	Шетел тілін оқытудағы психологиялық және психолінгвистикалық мәселелермен танысады; шетел тілінің психолінгвистикалық ерекшеліктерін ескере отырып сабақты жоспарлайды; мұғалімінің педагогикалық қабілеттілігін, Шетел тілін оқытудағы жеке-психологиялық факторлар жас ерекшеліктеріне байланысты шетел тілін меңгерудегі психологиялық және педагогикалық білім, іскерлік, дағдыны жүйелендіру; психикалық таным процестерінің жалпы сипаттамасын; тұлғаның психикалық құрылымын меңгереді.	Білімгердің өзіне деген сенімділігін күшейтіп, өз пікірін айту құқығы бар екендігін сезіндіре отырып, сыни ойлауға тәрбиелейтін интерактивті әдістер қолданылады. Сыни тұрғыда ойлау технологиясы қолданылады. Психологиялық әдістер мендінтанулық сараптама әдістері қолданылады.

	Шетел тілін арнайы мақсатта оқыту (B2)	Шетел тілінде арнайы аутенттік күрделі мәтінді түсіну, талдау; мақаланың мазмұнын жылдам түсіну және мәтін өзектілігін анықтайды. Таныс емес сөздердің мағынасын контекст және сөздің құрылымы бойынша анықтап, алынған ақпаратқа; болып жатқан оқиғаларға, кейіпкерлердің әрекеттеріне өзінің көзқарасын білдіреді.	Пәнді жүргізу барысында инновациялық әдіс-тәсілдер негізге алынады.
	Шетел тілін арнайы мақсатта оқыту (C1)	Шетел тілінде арнайы аутенттік күрделі мәтінді түсіну, талдау; мақаланың мазмұнын жылдам түсіну және мәтін өзектілігін анықтайды. Таныс емес сөздердің мағынасын контекст және сөздің құрылымы бойынша анықтап, алынған ақпаратқа; болып жатқан оқиғаларға, кейіпкерлердің әрекеттеріне өзінің көзқарасын білдіреді.	Пәнді жүргізу барысында инновациялық әдіс-тәсілдер негізге алынады.
IELTS емтиханына дайындау және дипломалды практика	Халықаралық IELTS емтиханына дайындау курсы	Студенттерді IELTS, TOEFL International Exams төрт түрлі байланыс түрлері: тындау, оқу, жазу және сөйлеу; академиялық оқу және жазу дағдыларын дамытады, сөйлеу дағдыларын жетілдіреді.	Тілді меңгертудің тікелей грамматикалық жаттығу жұмыстары және оқытудың инновациялық әдістері қолданылады.
	Дипломалды тәжірибе	Диплом жұмысының тақырыбымен байланысты мәліметтер қорын жинақтауға машықтанады. Ғылыми әдебиеттерді сұрыптауға, талдауға, қажетті мәліметтерді сүзгіден өткізіп, қолдана алуға бейімделеді.	Білім алушыларды диплом жұмысын жазу үдерісін барынша тиімді ұйымдастырып, бөлінген уақытты орынды пайдалануға бағыттайтын тұлғалық, коммуникативтік әдістер қолданылады. Ғылыми ізденіс жүргізу, көлемді мәліметтер қорын игеруге бағытталған арнайы әдістер мен техникалар қолданылады.

Шетел тілдерін оқыту әдістемесі, ойлау түрлері және ғылыми жұмыс жүргізу	Шетел тілдерін оқытудың арнайы бағытталған әдістемесі/ Шетел тілін оқытудың инновациялық технологиялары	Шетел тілі мұғалімінің әдістемелік құзіреттілігін қалыптастыру негіздерін меңгеру, болашақ шетел тілі ұстазының шығармашылық, аналитикалық іс-әрекеттерінің теориялық болжамдарын белсенді түрде қалыптастыру; кәсіби педагогикалық іс-әрекеттегі студенттердің шетел тілін инновация технологиялар арқылы үйрену барысындағы танымдық қызығушылықтарын дамыту; шетел тілін қазіргі оқыту технологияларының ғылыми негіздерін білуі; педагогиканы оқытудың тәжірибесінде теориялық білімдерді жүзеге асыра білу.	Заманауи технологияларды пайдалана отырып, білім беру үдерісін тани білу. Шетел тілін оқытудың қазіргі әдістемесі, Шетел тілдерін оқытудың арнайы бағытталған әдістемесін үйренеді. әдістемелік ерекшелігін түсіну. Шет тілін оқыту тәжірибесінде әртүрлі модельдерін қолдану; шет тілін оқытуда шынайы мәтіндерді пайдаланады Салыстырмалы талдау жасалады;. .
	Креативті ойлау /Сыни тұрғыда ойлау	Түрлі сипаттағы мәтінге мәтін алдындағы және мәтіннен кейінгі тапсырмаларды құрастыру, оқу мен тыңдап түсінуде тексерудің түрлерін, тесттерді қолдануда және оларды жүргізуде нұсқау құрастыра алады. Диалогтың түрлеріне тапсырмалар құрастыру, коммуникативтік және іскерлік ойындарды қолдану, оқушыларға өз бетінше жұмыс жасау үшін нұсқау беру, өзін-өзі тексеру мен өзіне баға беру, өзін-өзі бағалау, өзін-өзі түзету үшін іскерліктерін меңгереді. Шетел тілдерін оқытудың заманауи әдістеместерін, оқытылып отырған тілдердің сөйлеу этикетінің ұлттық-мәдени спецификасын меңгерту, кәсіби салада арнайы-кәсіби қатынас және тақырыптық сөйлеуді қалыптастырады.	Білім алушы тарапынан рефлексивті тәсілге негізделген білімгерге орталықтандырылған білім беру; құзыреттілікке бағытталған оқыту; тілдерді меңгерудің коммуникативтік-әрекеттік тәсілі; мәтіннің мазмұнын когнитивті модельдеу негізінде оның мағынасын түсіну және түсіндіру әдістері пайдаланыла ды.

	Ғылыми жұмыс жоспарлау/ Зерттеу әдістері	Пәнді толық игерген білімгер ғылыми-зерттеу жұмысын жүргізудің және рәсімдеудің негізгі талаптарын, тәсілдерін меңгереді. Ғылыми басылымдарға зерттеу жұмысының талаптарын, кезеңдерін біліп шығады.	Сабақта белсенді қарым-қатынас орнатып, бірлесе орындалатын зерттеу жұмыстарының жүзеге асырылуымен өткізіледі. Жұмыс нәтижесін ғылыми басылымдарға жариялау жолдары қарастырылады.
	Қашықтықтан оқытудың әдістемелері және технологиялары / Мұғалімнің кәсіби бағдарлары	Оқытудың жаңа тәсілдерін қолдану; - сыни ойлау; - оқытуды бағалау; - дарынды және талантты балаларды оқыту; - білім беру ақпараттық-коммуникациялық технологияларын қолдану; - оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес оқу қызметін модельдеу; - білім берудегі басқару және көшбасшылық дағдыларын қалыптастырады.	Ауызша және жазбаша қарым-қатынас негіздері практикалық шеберлігін қамтамасыз ету дағдысын үйренеді. Сыни тұрғыда ойлау технологиясы қолданылады.
	Шетел тілін оқытудың заманауи бағыттары /Шетел тілін оқытудың қазіргі әдістемесі	Білім беруде заманауи технологияларды пайдалана алуы. Шетел тілін инновация технологиялар арқылы үйрену барысындағы танымдық қызығушылықтарын дамыту, шетел тілін қазіргі оқыту технологияларының ғылыми негіздерін білуі, педагогиканы оқытудың тәжірибесінде теориялық білімдерді жүзеге асырады. Қазіргі заманғы шетел тілдерінің заманауи мәселелері мен өзектілігі аясында кәсіби қарым-қатынас дағдыларын меңгереді.	Пәнді оқыту барысында аудио-видео материалдар, топпен жұмыс, дискуссия, сұрақ-жауап, кейстер қолданылады.

	Екінші шетел тілі қарым-қатынасының коммуникативті дағдылары/Оқытылатын екінші шетел тілінің сөйлеу мәдениеті	Болашақ мамандығының қарым-қатынасының кәсіби және жеке дамуды қалыптастыруда коммуникативті, мәдени міндеттерді шешуге қажетті оқу ақпаратын іздестіру, талдау, бағалау, мәдениаралық күзінеттілігін қалыптастыру, білім беру және кәсіби қарым-қатынас мәселелерін шешу үшін тілдік білім жүйесі туралы ғылыми ақпараттардың үйлестірілуі, оқудың мәдениетаралық, кәсіби және филологиялық бағытын тереңдетуге бағытталады.	Білім алушының пәнді қабылдауын, жетілдіріп, оқуына бағытталған интербелсенді сабақтар ұйымдастырылады.
Дипломдық жұмыс	Дипломдық жұмысты (жобаны) жазу және қорғау немесе кешенді емтихан тапсыру	Диплом жұмысын талаптарға сай рәсімдеуді, тараулар мен бөлімдерге сай мәліметтерді бере алуды меңгереді. Ғылыми ізденіс нәтижесін ұсынуға және қорғап шығуға дайындалады. Білім беру бағдарламасы барысында игерілген теориялық білім базасы бойынша негізгі мәселелерге қатысты сұрақтарға жауап бере алады.	Білім алушыларды диплом жұмысын жазу үдерісін барынша тиімді ұйымдастырып, бөлінген уақытты орынды пайдалануға бағыттайтын тұлғалық, коммуникативтік әдістер қолданылады. Ғылыми ізденіс жүргізу, көлемді мәліметтер қорын игеруге бағытталған арнайы әдістер қолданылады.

3.2 Білім беру бағдарламасы нәтижелерінің негізгі күзінеттіліктермен сәйкестендірілу матрицасы

	ОН1	ОН2	ОН3	ОН4	ОН5	ОН6	ОН7	ОН8	ОН9	ОН10	ОН11	ОН12
НҚ1	+							+				
НҚ2	+					+						
НҚ3	+			+	+		+					
НҚ4			+									+
НҚ5								+		+		
НҚ6		+							+			
НҚ7			+								+	

НҚ – Негізгі күзінеттіліктер

ОН – Оқыту нәтижелері

3.3 Білім беру бағдарламасының оқу жоспары

№	Пән атауы	Цикл және компонент	Қорытынды бақылау	Академиялық кредиттер саны	Оқыту нәтижесі
1-семестр					

1	Қазақстанның қазіргі заман тарихы	ЖБП / МК	МЕ	5	ОН 7
2	Шетел тілі	ЖБП / МК	емтихан	5	ОН 1
3	Қазақ (Орыс) тілі	ЖБП / МК	емтихан	5	ОН 10
4	Әлеуметтану	ЖБП / МК	емтихан	2	ОН 8
5	Саясаттану	ЖБП / МК	емтихан	2	ОН 8
6	Араб тілі (А1)	БП / ЖК	емтихан	4	ОН 1
7	Экология және өмір қауіпсіздігі	ЖБП / ЖК	емтихан	5	ОН 11
8	Дене шынықтыру	ЖБП / МК	Диф.сынақ	2	ОН 3
Қорытынды				30	
2-семестр					
1	Шетел тілі	ЖБП / МК	емтихан	5	ОН 1
2	Қазақ (Орыс) тілі	ЖБП / МК	емтихан	5	ОН 10
3	Мәдениеттану	ЖБП / МК	емтихан	2	ОН 8
4	Психология	ЖБП / МК	емтихан	2	ОН 3
5	Дене шынықтыру	ЖБП / МК	сынақ	2	ОН 3
6	Дінтану	БП/ЖК	емтихан	3	ОН 2
7	Араб тілі (А2)	БП/ЖК	емтихан	5	ОН 1
8	Ислам теологиясы	БП/ЖК	емтихан	3	ОН 2
9	Оқу-танысу практикасы	БП/ЖК	есеп	1	ОН 3
10	Оқытылатын шетел тілінің фонетикасы	БП / ЖК	емтихан	2	ОН 1
Қорытынды				30	
3-семестр					
1	Философия	ЖБП / МК	емтихан	5	ОН 7
2	Ақпараттық коммуникациялық технологиялар	ЖБП / МК	емтихан	5	ОН 7
3	Дене шынықтыру	ЖБП / МК	сынақ	2	ОН 3
4	Базалық шетел тілінің практикалық курсы (В1-бастапқы деңгей)	БП/ЖК	емтихан	6	ОН 1

5	Тәрбие жұмысының теориясымен әдістемесі	БП/ЖК	емтихан	4	ОН 3
6	Екінші шетел тілінің практикалық курсы (В1-бастапқы деңгей)/Мамандандырылған шетел тілі (В1-бастапқы деңгей)	БП/ТК	емтихан	5	ОН 1 // ОН 1
7	Құран Кәрім	БП / ЖК	емтихан	3	ОН 2
Қорытынды				30	
4-семестр					
1	Дене шынықтыру	ЖБП / МК	сынақ	2	ОН 3
2	Базалық шетел тілінің практикалық курсы (В1-жалғастырушы деңгей)	БП/ЖК	емтихан	6	ОН 1
3	Педагогика	БП/ЖК	емтихан	5	ОН 3, ОН 4
4	Екінші шетел тілінің практикалық курсы (В1-жалғастырушы деңгей)/Мамандандырылған шетел тілі (В1-жалғастырушы деңгей)	БП/ТК	емтихан	4	ОН 1 // ОН 1
5	Аударма ісіне кіріспе/Оқытылатын шетел тілінің практикалық грамматикасы	БП/ТК	емтихан	5	ОН 5 // ОН 1, ОН 4
6	Кәсіби бағытталған екінші шетел тілі	БП / ЖК	емтихан	3	ОН 1, ОН 4
7	Тіл біліміне кіріспе	БП / ЖК	емтихан	5	ОН 6
Қорытынды				30	
5-семестр					
1	Шетел тілін арнайы мақсатта оқыту (В2)	БП / ЖК	емтихан	6	ОН 1, ОН 4
2	Екінші шетел тілінің морфологиясы/Екінші шетел тілі синтаксисі	БП/ТК	емтихан	5	ОН 1, ОН4 // ОН 1, ОН4
3	Екінші шетел тілін арнайы мақсатта	БП/ТК	емтихан	5	ОН 1,ОН 4 // ОН 7

	оқыту (B2-бастапқы деңгей)/Елтану				
4	Іскерлік шетел тілі/Шетел баспасөз мәтіндері	БП/ТК	емтихан	5	ОН 8 // ОН 8
5	Педагогикалық практика	БП / ЖК	есеп	4	ОН 3
7	Оқытылатын шетел тілі халықтарының әдебиеті/Ауызша, жазбаша аударма практикасы	БП / ТК	емтихан	5	ОН 7 // ОН 5
Қорытынды				30	
6-семестр					
1	Шетел тілін арнайы мақсатта оқыту (C1)	БеП / ЖК	емтихан	5	ОН 1, ОН 4
2	Екінші шетел тілін арнайы мақсатта оқыту (B2-жалғастырушы деңгей)/Екінші шетел тілінің риторикасы	БП/ТК	емтихан	5	ОН 1,ОН 4 // ОН 7
3	Академиялық мақсаттағы шетел тілі (екінші)/Екінші шетел тілінің салыстырмалы типологиясы	БП/ТК	емтихан	5	ОН 8 // ОН 8
4	Салғастырмалы фразеология/Лексикология	БП/ТК	емтихан	6	ОН 4 // ОН 6
5	Шетел тілін оқытудың психологиясы (ағылшын тілінде)	БеП / ЖК	емтихан	5	ОН 3
6	Шетел тілдерін оқытудың арнайы бағытталған әдістемесі/Шетел тілін оқытудың инновациялық технологиялары	БеП / ТК	емтихан	4	ОН 3 // ОН 3
Қорытынды				30	
7-семестр					

1	Көркем мәтінді лингвистикалық талдау/Оқытылатын шетел тілінің тарихы	БП/ТК	емтихан	5	ОН 7 // ОН 6
2	Шетел тілінде іс-қағаздарды жүргізу / Араб каллиграфиясы мен қолжазбалары	БП/ТК	емтихан	6	ОН 8 // ОН 1, ОН 4
3	Креативті ойлау/Сыни тұрғыда ойлау	БеП/ТК	емтихан	5	ОН 1,ОН 4 // ОН 9
4	Ғылыми жұмыс жоспарлау / Зерттеу әдістері	БеП/ТК	емтихан	5	ОН 7 // ОН 7
5	Шетел тілін оқытудың заманауи бағыттары/Шетел тілін оқытудың қазіргі әдістемесі	БеП/ТК	емтихан	4	ОН 3 // ОН 3
6	Екінші шетел тілі қарым-қатынасының коммуникативті дағдылары/Оқытылатын екінші шетел тілінің сөйлеу мәдениеті	БеП/ТК	емтихан	5	ОН 10 // ОН 10
Қорытынды				30	
8-семестр					
1	Халықаралық IELTS емтиханына дайындау курсы	БеП / ЖК	емтихан	6	ОН 12
2	Қашықтықтан оқытудың әдістемелері және технологиялары / Мұғалімнің кәсіби бағдарлары	БеП/ТК	емтихан	6	ОН 3 // ОН 3, ОН 10
3	Дипломалды практика	БеП / ЖК	есеп	6	ОН 7
4	Диплом жұмысты (жобаны) жазу және қорғау немесе кешенді емтихан тапсыру	DZQ	Кешенді емтихан немесе ДЖ қорғау	12	ОН 7
Қорытынды				30	

ЖАЛПЫ БАРЛЫҒЫ	240	
----------------------	------------	--

ть